**Астана қаласы Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия**
**«ШЕҢБЕР» ашық диалог алаңы**
**АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН «АШЫҚ ЕСІК» күні**

**Хаттама №3**

Күні: 18.11.2023ж.
Қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналары, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері

**Күн тәртібі:**

1. Пән бойынша оқу үлгерімі. Білімдегі олқылықтармен жұмыс- пән мұғалімдері.
2. 2023-2024 оқу жылының І-тоқсан білім сапасының қорытындысы - 1-11 сынып жетекшілері
3. Оқушылардың өмір қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы таныстыру- 1-11 сынып жетекшілері

Тыңдалды:

1. 2023-2024 оқу жылының І-оқу тоқсаны бойынша ата-аналарға арналған «Ашық есік» күні ата-аналар мен пән мұғалімдерінің арасында оқушының білімі мен тәртібі, мектептегі тәрбие жұмыстарына қатысуы жайында тыңдалды. Ата-аналар пән мұғалімдеріне баласы туралы жеке сұрақтары бойынша ақпараттанып, білімдегі олқылықтармен бірлесе жұмыс жасау жайында сөйлесті. Гимназия әкімшілігі мен қамқоршылық кеңесі ата-аналармен мектептің мәселелері бойынша сұхбат жүргізіп алдағы уақытқа жоспарланатын жұмыстар жайында бөлісті.
   Гимназия директоры Н. Кабылова сөз алды: оқушылардың мектеп формасын сақтауы туралы ата-аналар балаларын қадағалауын, күнделікті 1-ші сабаққа оқушылар арасында кешігушілік жағдайының кездесетінін атап өтті.
   Қамқоршылық кеңесі төрайымы Г. Урметова сөз алды: оқушылардың сыртқы киімдерінде ілгішінің болмауы, киім шешінетін гардеробат кейде киімдері дұрыс ілінбей жатады, ата-аналар сол жағынан да ескеруді сұрады.
2. 2023-2024 оқу жылының І-тоқсан білім сапасының қорытындысымен сыныптың ата-аналар жиналыстарында 1-11 сынып жетекшілері

Ата-аналар балаларының білімі мен тәрбие жайында әр пән мұғалімдерімен жеке кездесіп, білімдегі олқылықтармен алдағы уақытта бірлесе жұмыс жасау жағын жоспарлады. Ата-аналар

тарапынан гимназия әкімшілігіне түскен сұрақ- сауалдар мен гимназияның оқу-тәрбие жұмыстарына деген жылы лебіздерін, алғыстарын білдіріп жатты. Ата-аналардың ашық есік күнінің жалғасы сыныптың ата-аналар жиналысында II-оқу тоқсаны білім сапасы, оқушылардың өмір қауіпсізідігін сақтау ережелері жайында таныстырылды.

Ата-аналардан түскен сұрақ-сауалдар:

1. 6 ә сынып ата-анасы: гардеробта киім ілгіштері дұрыс ілінбейді балалардың курткасы түсіп қалып жатады.
2. 5 ә сынып ата-ана Шүкірхан Аяулым, домбыра үйірмесі бар ма? Жауап: домбыра аспабы жетекшілісінің байланыс телефоны берілді.
3. 6 к сынып оқушылар арасында соңғы кезде қыздары екеу-үшеуден бөлініп жүр, сол туралы психолог жұмыс жасаса деген ұсыныс.
4. I ауысымда 1-сыныптар аяқ киімдерін шешкенде турникеттің ішкі жағы тар, балалар қысылып, аяқ киімдерін ауыстыруға ыңғайсыз. Жауап: бастауыш сынып кіретін есік жақтағы блокта көтерілетін баспалдықтан кең орын бар, соған скамейкалар қойылып, балалар сол жерге шешінетіндей қарастырылады.

Қаулы:

1. Пән бойынша оқу үлгерімі. Білімдегі олқылықтармен жұмыс ата-аналармен байланыс жасап, сынып жетекші, пән мұғалімдері жұмыс жүргізілсін.
2. 2023-2024 оқу жылының I-тоқсан білім сапасының қорытындысы негізінде үлгермеуші оқушылармен сынып жетекші, пән мұғалімдері жұмыс жасалуын оқу ісі орынбасарлары ұйымдастырсын.
3. Оқушылардың өмір қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ата-аналар балаларға күнделікті түсіндіріп отыру.

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Оналбаева






ЛАРҒА АРНАЛҒАН "АШЫҚ ЕСІК" КҮНІ







